

ИБРАХИМ ЙЫЛДЫРЫМ

ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Барлық әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар сияқты фольклордың да өзінің зерттеу объектісі – «мәдениет» ұғымымен тікелей байланысты. Фольклор жеке бір ғылым ретінде XIX ғасырда мәдениеттің, гуманизмнің, қоғамның дамуымен көп қырлы руханият ретінде танылған [1.18].

Мәдениет әдептілік, кішіпейілділік, жоғары деңгейдегі өмір салты, сән, нәзік өнер талғамы сияқты салаларды қамтиды. Осы салаларда адам баласының жетістіктерінің нақты, дәйекті өлшешнүі мүмкін емес екендігі белгілі. Бұл ой 1871 жылдан бастап Эдуард Тэйлордың пікірлерімен сәйкес. «Белгілі бір қоғамның өмір сүру салты, қоғамның барлық мүшелері сінірген элементтердің жиынтығы» сияқты тың түсініктер пайда бола бастады.

Бүтінгі таңда, әлеуметтік ғылымдарда «мәдениет» сөзі қандай да бір қоғамның түрлі жолдармен өз ерекшеліктерін және өмір сүру тәсілдерін көрсетудің орнын толықтырады. Ис-әрекет, дағды, әдет-ғұрып, тыйымдар, сәулет, музика, әдебиет, мәдениет ұғымдары негізінде адамдардың үйрену жолымен табыска жету нәтижесінде орнатқан материалдық және рухани байлықтың, құндылықтардың жалпы атауы мәдениет болған.

Фольклор сөзі – өмір тәжірибесі мен салауатты өмір салтына катысты ассоциациалау немесе ойға байланыстырылатын, түсіндірлуі курделі сөз. Тура бір өлең сөзі сияқты фольклордың өзін-дік терең мән-мағынасы бар, алайда, нақты бір тұрақты анықтамасын беру қызындық туғызды. Осы себепті фольклор бір-бірінің мағынасын толтыратын әртүрлі мағыналардан тұрады. Осы мағыналардың кейбіреулері мыналар:

Бір ұлттың немесе бір халықтың материалдық және рухани аланда мәдени жетістіктерді негізге алған, осы жетістіктерді өзінің тиісті тәсілдермен ретке келтірген, жүйеленген, сарапталған, болжамдар жасалған және соңғы сатысында біріктіруге бағытталуды мақсат тұтқан бір тарау болып табылады [2.15].

Фольклор – іс-әрекеттер мен салт-дәстүрлердің объектісі болып табылатын адамды бұдан да терең түсінуге және адамға байланысты мәселелерді тереңінен зерттеуге бағытталған, XIX ғ. басында пайда болған ғылым саласы [3.5].

Фольклор – әдет-ғұрыпка катысты материалдық және мәдени құндылықтарын өзіне тән тәсілдермен жинақтаған, зерттеген, топтастырыған, тұжырымдаған және халық мәдениеті бойынша құнды зерттеу жүргізетін ғылым саласы [4.5].

«Фольклор сөзі – хатқа түсінен әдебиет». Бұл анықтама функционалдық ұғым ретінде танылған түсінік [5.130].

Фольклор – «халықты тану» дегенді білдіреді. Ауыздан шыққан сөздермен және қабілетпен айтылатын барлық мәліметтерді мәселең, еліктеу өнеге көрсету мақсатында менгерілетін басқа да тәсілдермен осы қабілеттерден туындағының дүниені қамтиды. Фольклор сөз өнері жетістіктерінен басқа халықтық өнер, халық кәсібі, ұлттық аспаптар, ұлттық киімдер, ұлттық салт-дәстүр, халық сенімі, халықтық ем, ұлттық тағамдар, халық өуендері, ұлттық ойындар, халықтық көңіл көтеру, той-думандар, халықтық дене кимылдар мен сырпайы іс-әрекеттер және халық әңгімелері сияқты өзіндік сипаттармен ерекшелінетін құндылықтарды қамтиды [6.63].

Осы құндылықтардан біз халыққа тиісті барлық руханият дүние фольклордың негізгі тақырыбы және осы саланың зерттеу объектісі екендігін түсінеміз. «Мәдениет» сөзінен кейін келетін «фольклор», яғни «халық білімі» ұғымы нені түсіндіретіндігін толық анықтау және осы ғылым саласы зерттейтін объектінің нақты зерделеу үшін ең алдымен, «Халық» ұғымының анықтамасын беруіміз керек. «Халық» ұғымы XX ғ. дейін топ ерекшелігіне сүйенген бір қоғам ретінде түсіндірілген. «Халық» ұғымына ең алғаш рет Еуропа ғалымдары анықтама берген. Олардың пікірінше, қалада екі топ адамдар өмір сүреді, біріншісі – қалалық, жоғары білімді, сән бақылайтын, материалдық жағдайы барынша жақсы, «тандаулы», «мәдени» кісілерден топтастырылған. Ал екінші топ болса, қаланың шет аймақтарында немесе ауылдарда тұратын, карапайым, оку-жазу саятын ашқан, сол қоғамға тән өткен ғасырлардан қалған тарихи, мәдени құндылықтарды бойына сінірген адамдардан тұрады. «Халық» зиялы немесе қалалық қауыммен қатар өмір сүруде. «Халық» әлемде болып жатқан оқиғалардан бейхабар, сауатсыз және «жабайы» деп танылатын берілген топтан барынша ұзак қашықтықтағы шенберде

түсіндіріледі [7.2]. Бұл түсінік қызының мак-саттанған біреуі халықтың кім екендігінен емес, өзін «зиялы, таңдаулы» деп сипаттау өрекеті. Бас-қаша айтар болсак, Еуропалы зиялыштар өзін оку-жазуды билетін, әдеби, қалалық және өркениет-тен хабары бар деп қабылдағанда, өз ортасында осы ерекшеліктерді бойына сіңіре алмаған басқа адамдардан, сауатсыз, алайда білімді, қаладан тыс, қалаға жақын бір аймакта тұратын және өрке-ниетті жан-жақты менгермен қоғам деп баға береді. Өзінен осындай қасиеттерімен ерекшелі-нетін осы кесімді адам қоғамдастықтарды «халық» (folk) терминімен атаған.

Егер осы таным қабылданған болса, халық білімі адамдары үшін кең ауқымды жұмыс атка-ру ортаға шығар еді. Бүгінгі танда «халық» сөзі осы ауқымды жұмыстардан аулақ ұстайды; ара-ларында кәсіп, тіл, дін, сияқты ортақ байланысты, кейбір салттарды жандандырып жүрген адам-дар тобы болып табылады. Топ мүшелері бір-бірін түсіне алады, алайда салт-дәстүрінің негізін біледі. Бұл топ бір отбасы сияқты кіші және бір ұлт сияқты үлкен бола алады. Бір қоғамда саны ете-көп, шексіз бір халық тобы болуы мүмкін. Бір дін адамы мамандығына қарай «мұғалім» аталған халық тобы ішінде болғанда, этникалық тамыры жағынан басқа топқа да сіңісп кете алады.

«Мәдениет» және «халық» сөздеріне түсінік берілгеннен кейін фольклор сөзінің қалай пайда болғанын және мағынасын анықтаудың маңызы ерекше. Халық білімі туралы зерттеу жұмыстарының екі түрлі бастауы бар екендігі айтылуда. Біріншісі, 1812 жылғы Германиядағы Гримм ба-уырларының «Үй және бала ертеғілері» атты кіта-бының жариялануы, екіншісі, 1846 жылы ағыл-шын Уилиям Джон Томстың «Folk-Lore» терми-нін пайдаланғаны. «Folk-Lore» сөзінің түбірі «folk – халық» және «lore – ғылым» сөздерінен тұрады, яғни халық білімі деген мағынаны береді. «Folklore» термині неміс тілінде «volks-kunde», ал француз тілінде «traditions popu-laires» деп түсіндіріледі. Ағылшын тіліндегі «Folklore» 1891 жылы өткен халықаралық Фольклор конгресінен кейін «Folklore» деп немесе әр тілде өз аудармасы жасалып, пай-даланыла бастады.

Седат Вейис ӨРНЕК атты фольклортанушы фольклордың рөлін және атқару қызметін билай-ша түсіндірген: «Фольклор белгілі бір елдің, белгілі бір халықтың, белгілі бір этникалық топтың өмір сүру салтында орын алатын іс-өрекет нормаларын, тіршілік ету жолдарын, оқиғалар мен

жағдайларға байланысты мінез-құлқын, қорша-ған ортаға деген ойын және көзқарастарын түсін-діреді. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды іздестіріп, анықтауда және бір халықтың болмыс-тық өзегін айқындаپ, одан ерекше туындылар жаратуда халық білімінің рөлі мен маңызы бірінші кезекте тұрады [8.16]. Фольклор жоғарыда атап көрсеткен максат пен міндеттерін орындауда әртурлі басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста болуы керек. Фольклор тарих, әдебиет, әлеуметтану, антропология, психология, этноло-гия, археология, діндер тарихы, өнер тарихы, тіл білімі, география, медицина, құқықтану, сөулет өнері, мал дәрігерлігі, дінттану сияқты шамамен барлық гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланысты. Мәдени-әлеуметтік экологияда адамзат барлық дүниетаным тұрғысынан қоршаған орта-мен қарастырылады. Осылайша жергілікті дең-гейден республикалыққа, республикалықтан әлемдік деңгейге өту арқылы адамзаттың ортақ мәдениетіне үлес қосады.

«Фольклор кез келген адамдарға ғана тән емес, ол мәдени қоғамның ортақ қазынасы болып та-былады. Осы себепті фольклор «ұлттық» құрамын-ың бір бөлігі болып саналады» [9.150]. Избул-дын осы анықтамасында көрсетілгендей, жергі-лікті байлық пен мәдениет құндылықтарын бүгінгі тандағы құндылықтар сөулесінде талқылап, әлемдік деңгейдегі мәдениетке жетуге болады.

Әлемде фольклордың дамыу

Фольклор батыстық дәстүрінде арнайы пән ретінде XIX ғ. сонына қарай қалыптаса бастады. Алайда бұдан бұрын да фольклорлық сипаты бар қайнар көздерді кездестіруге болады. Көне Грекияда Паусаниас (Pausanias) (б.э.д. II ғ.) өз елін-дегі төмөнгі сатыда өмір сүріп жатқан қарапайым халықтың өмірлерін, наным-сенімдерін зерттеу мақсатында фольклор саласындағы алғашқы ізденушілік қадамдарын жасаған жазушы ретінде танымал [10.7]. Араб шейхы Ибн-и Фазланың X ғ. Орта Азияға жасаған саяхатына қатысты жазған саяхатнамасында, венециялық Марко Полоның XIII ғ. Қыыр Шығысқа саяхатын түсіндірген ең-бегінде фольклорға қатысты бірнеше мәліметтер кездеседі.

Еуропа тарихында халықтық фольклор ха-лықтың жаратқан рухани өнімдерінің құндылығы ретінде еуропалықтардың, Американы жаулап алуынан кейін қалыптасқан. Осы құрылышқа келген діндарлар, саяхатшылар, өнер адамдары

Американың түпкі тұрғын халқының салт-дәстүрлерін, наным-сенімдерін және әдет-ғұрыптарын менгеріп, жинақталған мәліметтерді белгілі бір тауып етіп жазған. Бұл енбектер Еуропада байырғы тұрғындар мәдениеттеріне қатысты қызығушылықтар туғызған.

Осыдан кейін-ак батыстың зиялы қауымының назары Азияға аударылады. Мистикалық «шығыстанушылар, діндарлар және саяхатшылар» көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз еліне қайтканнан соң алғашкы дәуірлерге тән іздерді жинақтай бастайды. XVI–XVII ғғ. зерттеу объектісі болған халықтардың әдет-ғұрпys салт-санасы жайлы әртүрлі кітаптар жазылады.

Фольклор тарихында қысқаша түрде «Гrimm бауырлар» ретінде танылған ағайынды Вильгельм (Wilhelm) (1787–1859) және Джакоп (Jakop) (1785–1863), неміс ауыз әдебиеті, құқығы мен тіліне қатысты өте маңызды шығармалар жасаған, сонымен бірге халықтық фольклорды ғылыми зерттеу объектісі ретінде танып, оны жанжақты зерттеуде көп жұмыстар атқарған [3.81].

XIX ғ. бастап европалық зиялы қауым өкілдері рухани намысы бар бір ғалым атына, империя мен құлдық құрбандарының өздеріне деген сенімдері мен ұлттық намысын сіндіру мақсатында сол заманға дейін қалам тартылмаған тарихтың және ешқандай тіркеуі жок мәдениеттердің ізіне түсे бастады. Неміс, ағылшын, француз және швед ғалымдарының осы жұмыстардағы атқарған рөлі ерекше маңызға ие. 1872 жылы Стокгольмде «Нордиска» (Nordiska) мұрағаты атындағы бір фольклорлық туындылар үшін мұрағат ашылды. 1886 жылы Осло университетінде алғашкы фольклор кафедрасы құрылды. Халықта қатысты жасаған зерттеу-ізденушілік жұмыстары арқылы сол халықтың өкілдеріне «кім болғаны» туралы түсініктеме беруге тырысқан [11.93].

XX ғ. басында Еуропа елдеріндегі фольклор саласындағы журналдармен мұрағаттар көбейе бастады. Әрбір халық өз елінің фольклорын қарап шығып, жинақтауға, мұрағатта сактауға кірісті. Көптеген елдерде фольклор зерттеу институттары пайда болды. Осы атқарылған жұмыстар әлемдегі бастапқы мемлекеттерге де өсерін тигізіп даму сатысы кенжелеп қалған мемлекеттер де өз фольклорын жинақтау, зерттеу жұмыстарына етene кірісе бастады [12.18].

Қазақстанда фольклордың дамуы

Еуропа елдеріндегі сияқты фольклордың Қазақстанда ғылымының бір саласы ретінде таны-

лып, қазақтың халықтық мәдениетінің обьектілерін жинақтап, келешек үрпакқа насиҳаттайтын бірнеше кітаптар жазылған. Осы шығармашылық жұмыстар бүкіл Түркі дүниесінің ортақ негізгі шығармалары ретінде танылуда. VIII ғ. жазылған Орхон – Енисей жазулары ен ежелгі шығарма ретінде қабылдануда. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты кітабы (XI ғ.), Махмұд Қашқаридың «Дивани лұғат ит-Түрік» (XI ғ.), XIV–XV ғғ. хатка түскен «Қорқыт Атанаң кітабы» сияқты енбектер өте жоғары бағаланатын, фольклордың қайталанбас туындылары болып табылады. Алтын Орда кезеңінде жазылған «Оғузнама», «Қиссасу Енбия» сияқты енбектерде қазақ дастандарында көрініс берген сарындар жиі кездеседі.

Бұдан басқа Әмір Темір кезеңінде Сыбыра жырау, Жәнібек ханының билік жүргізген уақытындағы Асан қайғы өлеңдері де маңызды фольклорлық туынды болып есептеледі. Осы жыраулар туралы аныз-әңгімелер және соған қатысты шығарылған өлең-шумақтар сол заманнан бүгінгі таңға дейін сакталып келген фольклор шығармалары болып табылады [13.23].

XVII ғ. бастап, әсіресе, орыс түркітанушылары қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттей бастаған. Ресей патшалығы қазақ даласына тарихшы, этнограф және географтардан жасақталған комиссияларды, саяси тұлғалар мен миссионерлерді жіберіп отырған. Осы ғалымдар қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тілін, мәдениетін және фольклорын зерттей бастаған. Г.Гавердовский, А. Левшин, П. Паллас, В.В. Радлов өздерінің жүргізген зерттеулері бойынша ғылыми туындылар жазды. Бұдан кейінде көптеген ғалымдар қазақ халқы туралы егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізілді. Г.Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, В. Радлов, И. Брезин, А. Васильев, Е. Александров, А. Диваев, Н. Ильминский, П. Мелиоранский, Н. Остроумов, И. Кастан сияқты ғалымдардың енбектері қазір көпшілікке мәлім. Осы ғалымдардың жинақтаған фольклорға қатысты енбектері «Оренбургский листок», «Живая старина», «Вестник Европы», «Отечественные записки» және т.б. газет-журналдарда жарық көрген [13.44]. 1850 жылдардан бастап қазақ фольклоры жаңа бір кезеңге аяқ бастады. Бұл кезеңге дейінгі хандық жүйе бойынша басқарылған және жауынгер қазақ халқы орыс отаршылығы қысымында болғандықтан фольклордың мазмұны да өзге ре бастады. Отырықшылық өмір, егін шаруашылығы және қалалық саудаға сүйенген жаңа өмір сүру салты өзгеше бір ой жүйесін қалыптастыр-

ды. Діни білім беруді дамытумен бірге фольклор жетістіктері халыққа жазбаша түрде беріле бастаған. Фольклор шығармаларының жариялануында татарлардың алатын орны ерекше. Қазан және Уфа қалаларында басып шығарылған көптеген қазақ шығармаларының тілінде татар тілі басым. Кейбір европалық және орыс жазушылардың шығармалары қазақ халқының зиялдықты мен ақындарының қызығушылығын тузыруына байланысты олар жана туындылар жазып немесе осы шығармаларды қазақ қоғамының түсінігі мен ой-өрісіне сәйкес жариялаған. Мәселен, ұлы Абаймен оның ізін куушы шәкірттері А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов сиякты ақын-жазушылардың шығармаларының аудармаларын жасаған.

Кенес одағы заманында ауыз әдебиет туындыларын жинақтау және жариялау шаралары барынша жандана түсті. Откен ғасырдың 20-30-шы жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Қаныш Сәтбаев, Әбубәкір Дидаев, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов сиякты зиялдықты мен өкілдері фольклор саласындағы туындыларды жинап жариялауда зор жұмыстар атқарды. 1958 жылы М. Ғабдуллин «Қазақ халық әдебиеті» атты кітабын жариялаған. Қазақ ССР-і Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында комиссия құрылып, 1948, 1960, 1964, 1968 жж. қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ әдебиеті тарихы» атты шығарма Қөркем әдебиет баспасынан жарық көрген.

Кенес үкіметі одағы құрылғанға дейінгі қазақ фольклорына қатысты жинактар дайындаған зерттеушілер әдетте орыс немесе европалықтар болғандықтан олар өздерінің фольклорлық зерттеулерінде қалыптасқан теориялар мен әдістерге сүйене отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қазақ фольклорына тән жанрлар ескерілмей, зерттеу жұмыстарынан жырақ қалған. Сол себепті де бұрынғы Кенес Одағы құрылған алғашқы жылдар тұсында бұл кемшілік уақыт ете жойыла бастаған. Алайда 1940-шы жылдардан кейін фольклордың тарихын дәуір-дәуірге бөліп зерттеуге көп бармады, ал барған күннің өзінде атеистік әдіснамадан шыға алмай, таптық формациялар бойынша қарастыруға мәжбур болды. 1980-ші жылдардан кейін осы кемшілікті жою жұмыстары атқарыла бастағандығы айқын. Академик Раҳманқұл Бердібай және профессор Шәкір Ибраевтың университет студенттеріне арнап жазған «Қазақ халық әдебиеті» атты оқу құралы осы жұмыстардың бірі болып табылады.

Бүтінгі таңда түрлі академия және университеттерде білім беріп жүрген қазақ оқытушы-профессорлары фольклор қазынасын ерекше назарға ала отырып, зерттеу және мұрағаттау жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде. ҚР ҰҒА-ның М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2007 жылы жариялаған «Қазақ әдебиеті тарихы» атты шығармасы осы жұмыстардың бір жемісі болып табылады.

Қорыта айтқанда фольклор – адамзаттың туғанинан өлімге дейінгі адам өмірінде орын алатын барлық материалдық және рухани мәдениет элементтерін ғылыми тұрғыда жинақтайды, зерттейтін, бағалайтын және жүйелі түрде түсіндірмесін беретін ғылымның бір саласы. Фольклор мәдениет тарихын зерттейді, мәдениетаралық үксастықтар мен ерекшеліктерді аныктап, нәтижелерін реттейді және халықтың пайдалана алуы үшін жариялады.

Халыққа қатысты барлық нәрсені зерттейтін фольклор саласы тек салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты камтумен ғана шектелмей, сонымен бірге заманауи және көкейтесті тақырыпты да қамтиды. Бұл пән тек қарапайым халықтың ғана емес, өндірістік құрылым пен дамыған қалалардағы болып откен жағдайларды да зерттейді. Сондай-ақ экономикалық, қоғамдық және мәдени өзгерістерін де қамтиды. Фольклор қоғамдағы болмысты тарихи көлемде қарастырады, осылайша откен шактағы бүгіннің дамуын, бүгін болса келешекке өтудің анық ерекшеліктеріне тоқталуға бағыттады. Жоғары оқу орындары фольклор мәліметтерін жүйелі түрде жинақтап, мұрағаттап, халық өмірінің негізгі серпінін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, ұқыптылық пен іс-әрекеттерін, шығармашылық қабілеттері мен бейімдерін, мейірім мен талғамын зерттей отырып, ұлттық мәдениеттің дүркінінде жасалуына, бағалануына және болжу жасауға үлесін қосулары керек.

ӘДЕБИЕТ

- Arnold, Mattew. 1988 (1869) Culture and Anarchy. Ed J. Dover Wilson. Cambridge: Cambridge University Press. (Aktaran: 3 obanoplu, 2005, Halkbilim Kuramları, Akzâr Yayımları, Ankara. 366).

- Црнек, Седат Вейис (2000), Türk Halk Bilimi, Кытъыр Bak. Yay., 420 sayfa, Ank.

- Зобаноплу, Іцкүл (1999), Folklor Kuralları ve Agraftma Uçıntımları Tarihine Giri, Akcag Yay., 360 sayfa, Ank.

- Tan, Nail (2000), Ataturk ve Turk Halk Kulturu, Ekip Grafik, Ankara.

- Francis Le Utley(cev. Tuba Saltık), Milli Folklor 2005, yd 17, s. 65, s.130, Ank.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

6. *Bascom, William* (2004), Halkbilimi, Sıçılı Sanat Ve Kultur, Milli Folklor, s. 63, Feryal Mat, Ankara.
7. *Ekici, Metin* (2000), Halk ve Halk Bilgisi Іzzerine Bir Deneme, Milli Folklor, s.45, Feryal Mat. Ank.
8. *Çırnek, S.* Veyis. (1977). Тырк Halkbilimi, Ankara, Iю Bankasы Yayынлары.
9. *Izbul Yalçın*.1982. “Кытърг Antropolojisinin Folklor'a Bakы Aззы”. “II. Milletlerarasы Тырк folklor Kongresi Bildirileri, С. 1 , Ankara : Gazi ьniversitesi Basымеви, s.145-153).
10. *Boratav, Pertev Naili*. 2000. Halk Edebiyatы Dersleri. *Yayына Hazırlayan, M. Sabri Koz, Тырkiye E. ve T. Vakfы KB* Yayын, Numune Matbaасы, Istanbul.
11. *Smidchens, Guntis* (2000) . Folklorizmi Yeniden Deperlendirmek, Folklor / Edebiyat Dergisi , S. 24, Istanbul.
12. *Tan, Nail*, 1985, Folklor genel Bilgiler, Istanbul, Halk Кытъын Yayынлары
13. *Bolat, Korganbekov – Йіона, Almagыl* (2007). Kazak Folkloru ve Sovyet Цncesi Kazak Edebiyatы, Istanbul.

Резюме

В статье рассматривается современное значение основных понятий фольклора – как «культура» и «народ», а также возникновение и формирование фольклора как науки в мире и в Казахстане.

Summary

This article deals with the modern value of the basic concepts of folklore – terms «culture» and «people» and the way of folklore formation and development as the branch of science in the world and Kazakhstan.